

5 шілдеде басталатын ораза айт мейрамы құтты болсын.



Газет 1929 жылдан шыға бастады
ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сарыағаш

e-mail: gazeta.saryagash@mail.ru

Жұма, 1 шілде, 2016 жыл
№32 (11529)



**ТӨЛЕ
БИ:**

Тура биде
туған жоқ,
туғанды
биде
иман
жоқ.

8

1 шілде, 2016 жыл

НАРАЗАТ

Сарыағаш

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам" бағдарламасын жария еткенде: "Әлемнің әміршісі – еңбек. Тек еңбекпен ғана жеміс еңбек, тек еңбек қана бар қиындықты жеңбек", – деп баршамызды ел игілігі жолындағы еңбекке, еңбек адамын бағалауға, үлгі тұтуға шақырған. Дәл осылайша елге бойындағы барын беріп, аянбай қызмет етіп жүргендердің бірі – Қылышбай Сәтімбекұлы Мұсабеков.

Ол 1956 жылы Қазығұрт ауданының Жігерген ауыл округіне қарасты бұрынғы Жұма атты елді мекенінде қарапайым отбасында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлегі бүгінде жоғары оқу орындарындағы мұражай ісінің басшысы, Ресей Жаратылыстану академиясының профессоры, осы Академия тағайындаған "Ғылым мен білім саласының еңбегі сіңген қызметкері" құрметті атағының иегері, биология ғылымдарының кандидаты, 1963 жылы Келес ауданына қарасты "Келес" совхозының Жамбыл бөлімшесіндегі "Қызыл ту" серіз жылдық мектебінің табалдырығын аттаған зерек жасөспірім ауыл мектебінде-ақ есеп-қисаптың негізін жетік меңгеріп, Алматы қаласындағы С.М.Киров атындағы №12 қазақ орта мектебіне ауысты. Бұл мектептің сол кездің өзінде-ақ дүрілдеп тұрған кезі еді. Осы білім беру ошағында жоғары санатты, елге танымал көптеген ұстаздар қызмет атқарды. Сол ұстаздар өз шәкірттерінің арасынан кімнің қандай іске қабілетті екендігін біліп, оларға бағыт-кеңес беріп, таланттарын дамыта алды.

Қылышбай кітапқа құмарлығымен ерекшеленгенді. Әдебиет пәнінің белгілі ұстазы, "Ленин" орденінің иегері, есімі бүкіл одаққа танымал Әлия Дүйсенова сияқты ұстаздар тәрбие алған Қылышбай мектеп қабырғасында жазу-сызуға бір табан жақын болды. Оның алғашқы мақалалары мектептің қабырға газеттерінде, кейіннен "Қазақстан пионері" газетінде жарияланды.

Шетте жүрген сарыағаштықтар



өзекті мәселелердің бірі болған Сібір өзендерінің суын Орта Азия мен Қазақстанға біру жайындағы іс-әрекетке, ақбөкендердің қыстау, төлдеу орындарын анықтау жұмыстарын орындауға да белсене атсалысты.

Кейін жеке кәсіппен айналысуға бел буды. Қала тұрғындарын азықпен, киім-кешекпен жабдықтауда табысты еңбек етті. Десе де, жастайынан жануарлар әлемін зерттеуге ынталы болған азамат 2007 жылы өзі ғылым жолын бастаған институтқа қайта оралып, териология зертханасында кіші ғылыми қызметкер міндетін атқарды. Сол жылы "Қазақстандағы шиебөрі (экологиясы, мінез-құлқы және халық шаруашылығындағы орны)" атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Бұл жұмыс Жоғары аттестациялық комиссия тарапынан оң баға алып, оның шешімі бойынша 3 айдың ішінде биология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу құқығы бекітілді. Бір жыл өткен соң ол териология зертханасының аға ғылыми қызметкері болып тағайындалды. Содан кейін Қылышбай Сәтімбекұлы өзі де жас зоолог-мамандарды тәрбиелеуге кірісті.

2008 жылдың шілде айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің басшылығы оны осы университеттің Биология мұражайының директорының орынбасары қызметіне шақырды. Білімді зоолог-ғалым біршама тұралап қалған мұражай жұмысын аз жылдардың ішінде жандандырып, тек университет шеңберінде ғана емес, республикаға белгілі жағдайға жеткізді. Жас басшының еңбекқорлығы арқасында Биология мұражайы Еуразия Жоғары оқу орындары мұражайларының қауымдастығына Қазақстаннан қабылданған алғашқы әрі жалғыз мұражай еді. Осы еңбегіне орай кейіпкеріміз екі жылдан кейін мұражай директоры болып тағайындалды.

Міне, содан бері мұражай қорын жаңа жәдігерлермен толықтыру үшін хайуанаттар бағымен, қорық және

ТАБИҒАТТЫҢ НАҒЫЗ

ЖАНАШЫР ҒАЛЫМЫ

Қызығушылық – нәтижеге бағыттайтын саналы әрекет, адам бойындағы ең асыл қасиеттердің бірі емес пе? Өмір сүрудің өзі қызығушылықпен біте қайнаспаса, не мағына қалар еді? Сол кездегі талаптарға сай және тылсым табиғаттың әлі де жұмсақ қыр-сырын білу мақсатында мектеп бітірген түлектің жддырықтай жүрегі ауылға барып, оның тіршілігімен жете танысу керектігін айтып тұрғандай болды. Жүрек қалауы балауса жігітті қалайда елге баруға итермеледі. Сөйтіп, еңбек жолын 1973 жылы Жамбыл облысының Мойынқұм ауданындағы Жамбыл совхозында слесарь болып бастады. Бұл да жас жігітке берген тағдыр сыйы болса керек-ті. Шу өзенінің бойындағы орман-тоғай, құмдарындағы жануарлардың алуандылығы, оларды өз көзімен танып-білу Қылышбайдың бойындағы тағы бір қасиетін ашқандай. Жұмыстан қолы сәл-пәл босаған уақытта тылсым табиғаттың аясында сол өлкенің жануарлар әлеміне қызығушылық танытты. Олардың тіршілігіндегі сан ғажаптарды шешуге бел буды. Осылайша балалық шағында әдебиетке икемді жігіт енді өз болашағын биология саласынан іздеді. Кейін университеттің биология факультетінде оқи жүріп, қоғамдық жұмысқа да белсене араласты. Өзі маманданып жүрген "Табиғат қорғау және биологияны оқыту методикасы" кафедрасының студенті ретінде өзі сияқты табиғатқа жанашыр білім алушылармен біріге отырып, "Табиғат қорғау дружинасын" ұйымдастырып, Мәскеу, Воронеж, Свердловск қалаларында өткен Бүкілодақтық Табиғат қорғау дружиналары кеңестерінің жұмыстарына қатысып, тәжірибе алмасты. Басқа да университет студенттерінің табиғат қорғау саласындағы жұмыстарының тәжірибесін үйреніп және өзі оқитын университетте атқарылып жатқан жұмыс қорытындыларымен алмасып, табиғат қорғау саласында да біраз жұмыстарды тындырды. Ол басқарған дружина Алматы қаласының маңындағы орман шаруашылығында жаңа жыл қарсаңында шыршаларды қорғау шараларын алғашқылардың бірі болып ұйымдастырып, факультет студенттерін осы іске жұмылдыра білді. Сонымен қатар, қала тұрғындарын қолдан жасаған шыршаны пайдалануға насихаттау үшін "Біздің шырша" атты сұрақнаманы "Вечерняя Алма-

Ата" газеті арқылы жүргізді. Осы дружинаның жұмыстары туралы республикалық радио арқылы бірнеше арнайы хабар дайындалды және университеттің газетінде, "Ленинская смена" газетінде (1979 жылғы 24 қарашадағы нөмірінде) "Мы за это в ответе" деген үлкен көлемді мақала жарияланды.

1980 жылы университетті жақсы аяқтаған соң, ол арнаулы жолдамамен Қазақ ССР Ғылым академиясы Зоология институтының териология зертханасына жұмысқа орналасып, Қазақстан жануарларын зерттеу жұмысымен айналысты. Бұл жұмысқа дейін жас түлек дипломдық жұмысын орындау үшін Ақсу-Жабағылы қорығындағы таяқты жануарлардың биологиясы мен экологиясын зерттеген еді. Сол жылды Қылышбай Сәтімбекұлының зоология ғылымының дамуына өз үлесін қосуды бастаған жылы деп айту орынды.

Алғашқы зерттеу жұмыстарын жан-жақты үйретуге және кейіннен танымал зоолог болып қалыптасуына осы жазба жолдары авторларының біреуінің де үлесі бар. Өйткені алғашқы ғылыми экспедицияға Сырдария өзенінің фаунасын зерттеу мақсатында 1981 жылдың наурыз-маусым айларында Оңтүстік Қазақстан облысының Шардара, Қызылқұм аудандарын аралап, жануарлар дүниесімен танысты. Сонда алғашқы рет шиебөрінің ұлығынан естіп, түнімен ұйықтамаған Қылышбай 20 жылдай оның биологиясын, таралу себептерін, халық шаруашылығындағы орнын анықтады. Осы шиебөріні зерттеген Өзбекстандағы Г.И.Ишунин, М.Палваниязов, Т.Нуратдинов, В.И.Таряников, Түркіменстандағы Е.И.Щербина сияқты ғалымдармен танысып, солармен бірге бірнеше рет Амудария өзенінің бойындағы экспедицияға қатысып, тәжірибе алмасты.

Қылышбай Сәтімбекұлы 1980 жылдың желтоқсан айынан бастап Қазақ ССР ҒА-ның зоология институтының териология зертханасында лаборант (1980-1981), кіші ғылыми қызметкер (1981-1991), ғылыми қызметкер (1991-2000) міндетін атқарды. Осы жылдары шиебөрінің Қазақстанда таралу ерекшеліктері, биологиясы мен экологиясы жайында жұмыстар атқарып, одақтық және республикалық басылымдарда бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Сол сияқты көзінде

ұлттық саябақтармен тығыз байланыс орнатты. Нәтижесінде, мұражай қоры ғылымға өте құнды көркілан, су күзегі, қамшат, көкқұтан, құлақты жапалақ, аққанат тоқылдақ, тауыс, безгелдек, көкқұс және т.б. аң-құстардың тулыптары және нақтылыптарымен толықтырылды. Ең бастысы, мұражай қорында 50 жыл жатқан, таралу аймағында нақ тұлыбы сақталмаған, қазіргі күнде тұран жолбарысының жалғыз толық нақтылыбын, осыдан 78 жыл бұрын ғылымға алғаш рет танымал болған, университет ғалымдары сипаттап жазған және қазіргі кезде жалғыз формалинде сақталған жалманның (қалқанқұлақтың) нақ өзін көрме залына арнайы диорамалар жасатып, көпшілік назарына ұсынуы да құптарлық іс-шара деп айту керек. Сонымен қатар, қазіргі мұражайдың тарихы туралы және Қазақстанда таксидермия мектебінің негізін қалаушылардың бірі Э.Ф.Родионовқа арнайы диорамалар жасатты.

Қ.Мұсабеков мұражайға қызметке келгеннен бергі 8 жылдың ішінде Биология мұражайын насихаттауда да үлкен табыстарға жетті. Оның ұйымдастыруымен республикамыздың мерзімді басылымдары мен телеарналарында 70-тен аса мұражай туралы арнайы хабарлар жасалып, мұражай ісін көпшілік арасына насихаттап, келушілердің санын 2-3 есе арттырды. Мұражай қызметкерлерін халықаралық, республикалық ғылыми және практикалық конференцияларға қатыстырып, мұражай жәдігерлерін алыс-жақын мемлекеттерге таныстырып, университеттің абыройын арттырып жүр.

Қылышбай Сәтімбекұлы 100-ге жуық ғылыми жұмыстардың және көпшілікке арналған ғылыми еңбектердің авторы. Қандай салада болсын, ол таза, шын пейілмен, абыройлы қызмет атқаруда.

**Бірлікбай ЕСЖАНОВ,
Бекзат ТЫНЫБЕКОВ,
биология ғылымдарының кандидаттары,
әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ биоалуанттрлілік және биоресурстар
кафедрасының
доценттері.**